



Бекітемін:
«Айша» бөбекжайы
Директоры: У.М. Акжигитова
«_09_» _____ 09_2025_ж.

«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»

-бұл мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді таныстыру мақсатында тәжірибелі әжелердің қатысуымен ұйымдастырылатын әс-шаралар жоспары. Бұл жоба балалардың тәрбиесі үлкендердің өмірлік тәжірибесін, даналығын, ұлттық мұраларды жеткізуге бағытталған.

Мақсаты:

- Балаларды ұлттық дәстүрлермен, салттармен және мәдениетпен таныстыру.
- Балалардың патриоттық сезімдерін, үлкендерге әжеге, анаға, әкеге құрметін қалыптастыру.
- Ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту және ұлттық тәрбие беру.

Міндеттері:

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы балалардың рухани дамуына үлес қосу.
- Әжелердің өмірлік тәжірибесін, өнегесін балаларға жеткізу.
- Балаларға қолөнер, ұлттық тағамдар дайындау, халық ойындарын үйрету.

Іс-шаралар жоспары:

Іс-шараның атауы	Мақсаты	Өткізілу мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қатысушылар
1. Жоба таныстырылымы (ашылу салтанаты)	«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» басталуын жариялау, жобаның мақсатымен таныстыру	Қыркүйек	Тәрбиешілер, әдіскер	Балалар, ата-аналар
2. «Әжем менің асыл жан!» Ертегілер айту.	Балаларға қазақ ертегілерін айту арқылы қияладарын дамыту	Қазан	Әжелер, тәрбиешілер	Әжелер, балалар
3. «Анамның шебер қолдары» қолөнер	Ана мен бала қазақтың ұлттық өнерін бірге жасауымен қатар, шығармашылығын дамыту	Қараша	Аналар, тәрбиешілер	Аналар, балалар
4. «Әке көрген оқ жонар» қолөнер	Әкесімен арадағы жылулы	Желтоқсан	Әкелер, тәрбиешілер	Әкелер, балалар

5. «Бала тілі – бал» отбасы тәрбиесі туралы сұхбат	Бала мен ата-ана қарым-қатынасын анықтай отырып, балалардың тілдерін дамыту арқылы, өз ойларын ашық айта алуға бейімдеу.	Қаңтар	Ата-аналар, психолог	Ата-аналар, балалар
6. «Толағай» отбасылық спорттық шара	Спортқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Отбасы ауызбіршілігі маңызды екенін көрсететін командалық ойын.	Ақпан	Ата-аналар, тәрбиешілер	Ата-аналар, балалар
7. «Әжемнің оюлары -ай!» қолөнер	Әженің асыл әңгімелерін тыңдай отырып, қол маторикасын дамыту.	Наурыз	Әжелер, тәрбиешілер	Балалар
8. «Бабадан қалған дәстүрді сақта!»	Балаларға дәстүрді балабақша кезінен таныстыру	Сәуір	Аналар, тәрбиешілер	Ата-аналар, балалар
9. Өткізілген жұмыстарды қорытындылау	Жыл бойы жасалған жұмыстарды қорытындылап, белсенді ата-аналарға алғыс білдіру.	Мамыр	Тәрбиешілер, әдіскер	Ата-аналар, балалар

Күтілетін нәтижелер:

- Балалар ұлттық дәстүрлер мен мәдениетке қызығушылық танытады.
- Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас нығаяды.
- Балалардың ұлттық құндылықтарды түсінуі мен қабылдауы артады.

Бұл жоспарды балабақшадағы тәрбие жұмысының аясында қолдана отырып, балалардың рухани дамуына, ұлттық тәрбиені бойларына сіңіруге қол жеткізуге болады.

Жоба таныстырылымы (ашылу салтанаты) туралы ақпарат

Айша бөбекжай-балабақшасында қыркүйек айында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобасының ашылу салтанаты өткізілді. Іс-шараға балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер, ата-аналар, әжелер және тәрбиеленушілер қатысты.

Таныстырылым барысында жобаның мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері және жылдық жұмыс жоспары таныстырылды. Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі орны туралы мазмұнды баяндама оқылып, ата-аналарға жобаның ерекшелігі түсіндірілді.

Балалар қазақтың ұлттық киімдерін киіп, өлең оқып, ән айтып, би биледі. Қазақтың салт-дәстүрлерін бейнелейтін шағын көріністер көрсетілді. Ата-аналар өз ұсыныстарын айтып, жобаны жүзеге асыруға белсенді қатысатындықтарын жеткізді.

Жоба барысында өткізілген барлық іс-шаралар балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, олардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Нәтижесі: ата-аналар мен педагогтер арасында өзара ынтымақтастық орнап, жобаға қызығушылық артты.

Ақпарлама

«Әжем менің асыл жан!» ертегі сағаты

«Айша» бөбекжай-балабақшасында қазан айында тәжірибелі әжелердің қатысуымен «Әжем менің асыл жан!» атты ертегі сағаты ұйымдастырылды.

Әжелер балаларға «Мақта қыз бен мысық», «Алтын сақа», «Ер Төстік» сияқты қазақ халық ертегілерін мәнерлеп айтып берді. Ертегілердің мазмұны талданып, ондағы адалдық, еңбексүйгіштік, достық, үлкенді сыйлау сияқты тәрбиелік құндылықтар түсіндірілді.

Балалар ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдап, сұрақтарға жауап беріп, өздерінің сүйікті ертегілері туралы әңгімеледі. Сонымен қатар жұмбақтар шешіп, мақал-мәтелдер айтып жарысты.

Нәтижесі: балалардың сөздік қоры молайып, тыңдау мәдениеті, сөйлеу дағдылары және кітапқа деген қызығушылығы артты.

«Анамның шебер қолдары» шығармашылық шеберлік сабағы

«Айша» бөбекжай-балабақшасында қараша айында аналардың қатысуымен ұлттық қолөнерге арналған шығармашылық кездесу өтті.

Аналар балаларымен бірге түрлі-түсті қағаздан, киізден және табиғи материалдардан ұлттық бұйымдардың үлгілерін жасады. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері мен олардың мағынасы түсіндірілді.

Балалар аналарына көмектесіп, бірлескен жұмыс барысында ұқыптылыққа, шыдамдылыққа және шығармашылыққа тәрбиеленді.

Сабақ соңында барлық жұмыстардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісті.

Нәтижесі: ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланыс нығайып, балалардың шығармашылық қабілеттері дамыды.

«Әке көрген оқ жонар» әкелермен кездесу

«Айша» бөбекжай-балабақшасында желтоқсан айында әкелердің қатысуымен тәрбиелік-танымдық іс-шара өткізілді.

Әкелер балалармен бірге қарапайым ағаштан, қағаздан және табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын жасады. Сонымен қатар ұлттық еңбек дәстүрлері, ер азаматтың отбасы алдындағы жауапкершілігі және еңбекқорлық туралы әңгімелер айтылды.

Балалар әкелерімен бірге ойындарға қатысып, түрлі тапсырмаларды орындады. Әкелер өздерінің мамандықтары мен қызығушылықтары туралы айтып беріп, балалардың сұрақтарына жауап берді.

Нәтижесі: әке мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас нығайып, балалардың еңбекке қызығушылығы артты.

«Бала тілі – бал» отбасы тәрбиесі туралы сұхбат

Айша бөбекжай-балабақшасында қаңтар айында психологтың қатысуымен ата-аналарға арналған тәрбиелік кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуде бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі, тиімді қарым-қатынас орнату жолдары, балалардың эмоционалдық жағдайын қолдау мәселелері қарастырылды.

Балалар «Менің отбасым» тақырыбында әңгімелеп, өз отбасы мүшелері туралы жылы лебіздерін білдірді. Түрлі тіл дамыту ойындары ұйымдастырылып, балалардың сөйлеу мәдениеті жетілдірілді.

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, мамандардың кеңестерін тыңдады.

Нәтижесі: балалардың еркін сөйлеу қабілеті дамып, ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі арта түсті.

«Толағай» отбасылық спорттық сайысы

«Айша» бөбекжай-балабақшасында ақпан айында балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Толағай» атты көңілді спорттық жарыс өткізілді.

Қатысушылар бірнеше командаға бөлініп, эстафеталық жарыстарға, ұлттық ойындарға және қимылды ойындарға қатысты. Арқан тарту, қаппен секіру, доппен жарысу сияқты қызықты тапсырмалар орындалды.

Балалар мен ата-аналар бір-біріне қолдау көрсетіп, ұйымшылдық пен татулықтың үлгісін көрсетті.

Іс-шара соңында барлық қатысушылар марапатталып, белсенді отбасыларға Алғыс хаттар табыс етілді.

Нәтижесі: балалардың дене шынықтыруға қызығушылығы артып, отбасылық бірлік пен ынтымақтастық нығайды.

«Әжемнің оюлары-ай!» қолөнер сағаты

«Айша» бөбекжай-балабақшасында наурыз айында ұлттық қолөнерді насихаттауға арналған шеберлік сабағы өткізілді.

Әжелер балаларға қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің тарихы мен түрлері туралы айтып берді. Балалар қағаздан, киізден және түрлі-түсті материалдардан ұлттық өрнектер жасап үйренді.

Іс-шара барысында ұлттық әндер шырқалып, әжелер өздерінің өмірлік тәжірибелері мен өнегелі әңгімелерін бөлісті.

Дайын жұмыстардан «Ұлттық мұра» атты көрме ұйымдастырылды.

Нәтижесі: балалардың ұлттық өнерге деген қызығушылығы артып, ұсақ қол моторикасы мен эстетикалық талғамы дамыды.

«Бабадан қалған дәстүрді сақта!» ұлттық тәрбие сағаты

«Айша» бөбекжай-балабақшасында сәуір айында қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттауға арналған тәрбиелік іс-шара өткізілді.

Балаларға «Тұсаукесер», «Бесікке салу», «Шашу», «Сүйінші» сияқты қазақтың салт-дәстүрлері туралы түсінік берілді. Тәрбиешілер мен ата-аналардың қатысуымен ұлттық дәстүрлерден көріністер қойылды.

Балалар ұлттық ойындар ойнап, мақал-мәтелдер айтып, ұлттық тағамдар көрмесі ұйымдастырылды.

Ата-аналар өз әулеттерінде сақталған дәстүрлер туралы әңгімелеп, ұлттық тәрбиенің маңыздылығы жөнінде ой бөлісті.

Нәтижесі: тәрбиеленушілердің ұлттық сана-сезімі қалыптасып, халқымыздың мәдени мұрасына деген құрметі артты.

Жобаны қорытындылау

«Айша» бөбекжай-балабақшасында мамыр айында жоба бойынша қорытынды іс-шара ұйымдастырылды.

Жыл бойы өткізілген жұмыстарға жан-жақты талдау жасалып, фотокөрме мен балалардың шығармашылық жұмыстарынан көрме рәсімделді. Балалар ән айтып, би билеп, ұлттық ойындар көрсетті.

Жобаға белсенді қатысқан әжелерге, аналарға, әкелерге және ата-аналарға Алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар жобаның нәтижелері талқыланып, келесі оқу жылына арналған ұсыныстар қарастырылды.

Қорытынды

Жоба барысында өткізілген барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес толық орындалды. Балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы едәуір артты, салт-дәстүрлер туралы білімдері кеңейді. Олар үлкендерді құрметтеу, еңбекқорлық, ұйымшылдық, адамгершілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіре білді.

Ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артып, отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастық нығайды. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобасы ұлттық тәрбиені жүзеге асырудағы тиімді тәжірибе ретінде өз нәтижесін көрсетті.



